



Осы Сақтандыру ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан біржақты тәртіптен әзірленген және жүктерді сақтандыру бойынша сақтандыру полистерін жасасу және олар бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін айқындайды.

Осы Сақтандыру ережелері Сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Жүктерді сақтандыру жөніндегі нақты Бас (сақтандыру) полисінің талаптары осы Сақтандыру ережелерімен айқындалады.

Мазмұны

1-бап. Глоссарий	1
2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы	2
3-бап. Сақтандыру объектісі.....	3
4-бап. Сақтандыру тәуекелдері	3
5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер.....	4
6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	5
7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы	6
8-бап. Франшиза	7
9-бап. Бас (сақтандыру) полисін жасасу тәртібі	7
10-бап. Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу мерзімі мен орны	9
11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	10
12-бап. Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары...	12
13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері	13
14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	14
15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	16
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	18
17-бап. Сақтанушының залалдарды өтеу жөніндегі құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы.....	20
18-бап. Сақтандыру полисінің қолданылуын тоқтату талаптары	20
19-бап. Қосымша талаптар	22
20-бап. Дауларды шешу тәртібі	23

1-бап. Глоссарий

- Сақтандырылған жүк** – Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Бас және сақтандыру полистерін алуы арқылы Сақтанушымен жасалған Бас (сақтандыру) полисі негізінде Сақтандырушы сақтандыруға қабылдаған жүк;
- Жалпы апат (теңіз көлігімен тасымалдау кезінде)** – кеме, фрахтты және кемемен тасымалданатын жүктерді ортақ қауіптен құтқару мақсатында саналы және негізделген шығыстардан немесе құрбандықтардан туындаған залалдар. Жалпы апатқа байланысты келтірілген залалдар кеме, фрахт және жүк арасында олардың құнына пропорционалды түрде бөлінеді.
- Диспаша** – жалпы апат бойынша залалдарды есептеу және оларды теңіз кәсіпорнына қатысушылар арасында жүк пен фрахт құнына сәйкес бөлу.
- Жүктің жойылуы** – жүктің қалпына келтірілуі немесе жөнделуі техникалық тұрғыдан мүмкін емес не экономикалық тұрғыдан орынсыз болатын зақымдануы.
- Жүктің жоғалуы** – тасымалдау кезінде Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының кінәсі болмаған жағдайда жүктің нақты жоғалып кетуі, соның салдарынан олардың жүкке иелік ету, пайдалану және оған билік ету мүмкіндігінен айырылуы.
- Залалдар** – осы Сақтандыру ережелерінде тек нақты залал, яғни Бас (сақтандыру) полисін жасасу кезінде айқындалған сақтандырылған жүктің құны, оған тасымалдау құны мен кедендік баждар кіруі мүмкін.



7. **Сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға беретін, Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгілік талаптарға (Сақтандыру ережелеріне) қосылуымен бірге сақтандыру шарты болып табылатын құжат.
8. **Апат** – көлік құралының қаза табуына немесе конструктивтік бұзылуына әкеп соққан, оның ішінде жол-көлік оқиғаларын (аударылу, соқтығысу, көлік құралының жануы), теңіз кемесінің қаза табуын немесе бұзылуын, жарылысты, әуе кемесінің құлауын қамтитын көлік құралының қатысуымен болған авариялық оқиға.
9. **Сақтандыру жағдайы** – сақтандыру шартында көзделген, оның басталуымен Сақтандырушыда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын, басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие оқиға.

2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. **Сақтанушы** – жүктің сақталуына мүдделі, Сақтандыру ережелеріне қосылу және сақтандыру полисін алу арқылы Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.
2. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу кезеңінде осы Бас (сақтандыру) полисі бойынша оның құқықтары мен міндеттері осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген тәртіппен Сақтандырушының келісімімен тиісті құқықтық мирасқорға өтеді.
3. Жүктерді сақтандыру бойынша Бас (сақтандыру) полисін жасасқан Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, Бас (сақтандыру) полисі осы Сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен тоқтатылуға жатады.
4. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, онда сақтандыру объектісі ретінде Сақтандырылған тұлғаның жүкке иелік етуге, пайдалануға және оған билік етуге байланысты мүліктік мүдделері танылады.
5. Сақтандырылған тұлғаның пайдасына Бас (сақтандыру) полисін жасасу Сақтанушыны тиісті сақтандыру полисі бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
6. Сақтанушы Бас (сақтандыру) полисін жасасу кезінде жүктің сақталуына мүдделі кез келген тұлғаны Пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.
7. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Бас (сақтандыру) полисінде көрсетілген, Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушыны Сақтандырушымен қосымша келісім жасасу арқылы басқа тұлғаға ауыстыруға құқылы.
8. Пайда алушы өзінің Сақтанушымен жасасқан келісімінен туындайтын Бас (сақтандыру) полисі бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.
9. Осы баптың 2-тармағына сәйкес Сақтанушыны ауыстыру үшін Сақтанушы қайта ұйымдастыру туралы шешім оның уәкілетті органы қабылдаған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайта ұйымдастыруға байланысты Сақтанушыны ауыстыруды жүзеге асыру туралы өтінішпен жазбаша өтініш ұсынуға міндетті. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыру туралы шешім қабылдаса, онда соңғысы Бас (сақтандыру) полисіне қосымша келісімге қол қойылған және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тізіліміне Сақтанушының қайта ұйымдастырылғанын тіркеу туралы жазба енгізілген сәттен бастап ауыстырылған болып есептеледі. Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстырудан бас тартса, ол бұл туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлайды және Бас (сақтандыру) полисінің қолданылуы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тізіліміне Сақтанушының қайта ұйымдастырылғанын тіркеу туралы жазба енгізілген сәттен бастап тоқтатылады, бұл ретте сақтандырудың пайдаланылмаған қалған кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі Сақтанушыға мемлекеттік бюджетке аударылған міндетті төлемдерді, агенттік сыйақыны және Бас (сақтандыру) полисі

бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомаларын шегере отырып, пайдаланылмаған кезең уақытына пропорционалды түрде қайтарылады.

3-бап. Сақтандыру объектісі

1. Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жүкке, оның ішінде бағажға, тауарларға және өнімнің барлық түрлеріне, тасымалдау түріне қарамастан олардың бүлінуі, жойылуы, қаза табуы, жоғалуы салдарынан иелік етуге, пайдалануға және билік етуге байланысты мүліктік мүдделері табылады.

4-бап. Сақтандыру тәуекелдері

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес тасымалдау түріне қарамастан: «А» – «Барлық тәуекелдер үшін жауапкершілік»; «Б» – «Апатты қоспағанда, зақымдану үшін жауапкершіліксіз»; «В» – «Тек белгілі бір тәуекелдер бойынша жауапкершілік» секцияларында көрсетілген тәуекелдер сақтандыруға жатады. Бұл ретте әрбір секция бойынша осы Сақтандыру ережелерінің 5-бабында ескертілген алып тастаулар қолданылады.

2. Сақтандыру секцияларының мазмұны:

1) «А» секциясы – «Барлық тәуекелдер үшін жауапкершілік (яғни зақымдану/қаза табу/жоғалу)»

Осы талаппен жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар өтеледі:
а) сақтандырылған жүктің бүкіл немесе бір бөлігінің кез келген себеппен болған қаза табуынан немесе зақымдануынан болған залалдар, оның ішінде:

- өрт, жарылыс, сыртқы сумен сулану, сондай-ақ өртті сөндіру үшін қабылданған шаралардың салдарынан;
- дүлей зілзалалар;
- көлік құралдарының апатқа ұшырауы, рельстен шығуы, аударылуы немесе өзара соқтығысуы;
- олардың қозғалмайтын немесе қозғалатын заттарға соғылуы;

б) жалпы апат бойынша залалдар, шығыстар және жарналар.

2) «Б» секциясы – «Апат жағдайларын қоспағанда, зақымдану үшін жауапкершіліксіз»

Осы талаппен жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар өтеледі:
а) көлік құралдарының апатқа ұшырауы салдарынан бүкіл жүктің толық қаза табуынан болған залалдар;

б) жүкпен бірге көлік құралының хабар-ошарсыз жоғалып кетуінен болған залалдар;

в) жалпы апат бойынша залалдар, шығыстар және жарналар.

3) «В» секциясы – «Жабылатын тәуекелдердің белгілі бір тізбесі»

Осы сақтандыру шарты бойынша тек мыналар өтеледі:

- 1) өрттен, жарылыстан, сондай-ақ өртті сөндіру үшін қабылданған шаралардан болған залалдар;
- 2) дүлей зілзалалардан болған залалдар;
- 3) көлік құралдарының апатқа ұшырауынан, рельстен шығуынан, аударылуынан немесе өзара соқтығысуынан болған залалдар;
- 4) көлік құралдарының қозғалмайтын немесе қозғалатын заттарға соғылуынан болған залалдар;
- 5) сеніп тапсырылған жүкті иемдену немесе ысырап ету және алаяқтықты қоспағанда, ұрлаудан болған залалдар;
- 6) хабар-ошарсыз жоғалып кетуден болған залалдар.



3. Жүк тек сақтандыру полисінде көрсетілген маршрут бойынша, көлік құралдарында, қайта тиеу, аралық қоймалау немесе уақытша сақтау орындарында тасымалданған кезде ғана сақтандырылған болып есептеледі.
4. Жүк хабар-ошарсыз жоғалған болып есептеледі:
 - 1) теңіз тасымалдары кезінде – жоспарланған келу уақытынан бастап 60 тәулік өтсе (Еуропаның ішкі су жолдары үшін бұл мерзім 30 тәулік) және залалдарды өтеу туралы талап қойылған уақытқа дейін жүк және/немесе көлік құралы туралы ешқандай ақпарат алынбаса;
 - 2) теміржол тасымалдары кезінде – жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін 30 күн ішінде, ал жүкті тікелей аралас қатынаста тасымалдау кезінде жүкті тасымалдауға қабылдаған күннен бастап 4 ай өткен соң, жүк жүк алушыға оның талабы бойынша берілмесе;
 - 3) автотасымал кезінде – егер жүк алушының талабы бойынша жүк:
 - қалалық және қала маңындағы тасымалдауда – жүкті тасымалдауға қабылдаған күннен бастап 10 күн ішінде;
 - қалааралық тасымалдауда – жеткізу мерзімі өткеннен кейін 30 күн ішінде, ал жүкті тікелей аралас қатынаста тасымалдау кезінде – жүкті тасымалдауға қабылдаған күннен бастап 4 ай өткеннен кейін берілмесе;
 4. әуе тасымалдары кезінде – жүк тағайындалған әуежайға жеткізілуге тиіс болған күннен кейінгі күннен бастап есептегенде 120 күн ішінде іздестіру барысында табылмаса.
5. Жүк хабар-ошарсыз кетті деп болжанатын мерзім соғыс, әскери сипаттағы оқиғалар, азаматтық соғыс немесе қоғамдық тәртіпсіздіктер салдарынан ақпаратты жеткізу кешіктірілуі мүмкін жағдайларда нақты мән-жайларға байланысты ұзартылады, бірақ 6 айдан аспауға тиіс.
6. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі тиісті сақтандыру полисінде көрсетіледі.

5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер

1. Егер жүктің жоғалуы (қаза табуы) немесе бүлінуі мынадай жағдайлардың салдарынан болса, ол сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
 - 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің (сенім білдірілген тұлғаларының) қасақана әрекеттері немесе өрескел абайсыздығы, не олардың кез келгенінің жүктерді тасымалдаудың, қайта тиеудің және сақтаудың қолданыстағы қағидаларын бұзуы;
 - 2) жүкті алушыға жеткізу кезеңінде жүктің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін тиісті емес орау (буып-түю), жүктің бүлінген күйде жөнелтілуі, ірілендірілген жүк орындарын қалыптастыру талаптарының бұзылуы, жер бедерінің кедір-бұдырын, сондай-ақ көлік құралының қозғалысы нәтижесіндегі шайқалуды ескере отырып, жүктің дұрыс орналастырылмауы мен бекітілмеуі;
 - 3) трюм (қойма) және/немесе атмосфералық ауа температурасының әсері немесе жүктің ерекше қасиеттері мен ақаулары, нормативтік ағып кету, кебу, салмақ пен көлемнің табиғи жоғалуы;
 - 4) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің (сенім білдірілген тұлғаларының) білуімен, бірақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қауіпті жүктерді сақтандырылған жүкпен бірге тиеу (сақтау);
 - 5) сыртқы қаптаманың тұтастығы мен пломбалардың сақталуы кезінде жүктің жетіспеушілігі, жүктің өлшенуіндегі айырмашылық;
 - 6) жүктің құрттармен, кеміргіштермен және жәндіктермен бүлінуі;
 - 7) кемеңің теңізге жарамсыздығы не кемеңің немесе көлік құралының, не контейнердің сақтандырылатын жүкті тасымалдауға жарамсыздығы, егер Сақтанушы



немесе оның қызметкерлері бұл туралы тиеу аяқталған сәтке дейін білген немесе білуге тиіс болса;

- 8) жерүсті көлік құралына (теміржол вагоны, автокөлік) тиісті түрде жабылмаған ашық күйде, ашық кемеге, палубаға тиеу немесе нормадан артық тиеу;
 - 9) соғыс қимылдары немесе әскери іс-шаралар және олардың салдары, миналармен, торпедалармен, бомбалармен және соғыс қаруының басқа да түрлерімен жою немесе бүлдіру, террористік актілер, халық толқулары, азаматтық соғыс, қарақшылық әрекеттер, ереуілдер, локауттар, әскери немесе азаматтық билік органдарының, сондай-ақ кеден, санитариялық немесе карантиндік қызметтердің талабы бойынша жүктерді тәркілеу, қамауға алу немесе жою;
 - 10) атомдық жарылыстың, жоғары радиацияның тікелей немесе жанама әсері, атомдық немесе ядролық ыдырау энергиясын қолдануға, синтезге немесе бөлінетін материалдарды пайдалануға байланысты;
 - 11) Сақтанушының кінәсінен жүкті жеткізудің кешіктірілуі және бағаның өзгеруі;
 - 12) жүктің өндірістік ақаулары;
 - 13) тозу, тот басу, коррозия, көгеру, саңырауқұлақ, дымқыл немесе құрғақ шіру, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, өндірістік кемшіліктер, баяу дамиды деформация немесе бұрмалану сияқты біртіндеп әсер ететін себептер;
 - 14) лихтерлермен, баржалармен және басқа да қосалқы тасымалдау құралдарымен жүктің жеткізілуі кезінде жүктің/жүктің бір бөлігінің бүлінуі/қаза табуы (жоғалуы), егер мұндай құралдарды пайдалану жергілікті жағдайлар бойынша әдеттегі болып табылмаса;
 - 15) қауіпті жүктерді тасымалдау (сақтау) кезінде үшінші тұлғаларға зиян келтіру;
 - 16) құрамында қауіпті компоненттері бар жүктің бүлінуі/қаза табуы, егер тиісті жүк сақтандыруға мәлімделмесе және Бас (сақтандыру) полисінде көрсетілмесе.
2. Бұдан басқа, осы Сақтандыру ережелерінің 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптармен («Б» секциясы – «Апат жағдайларын қоспағанда, зақымдану үшін жауапкершіліксіз») жасалған Бас (сақтандыру) полисі бойынша, егер жүктің жоғалуы (қаза табуы) немесе бүлінуі мынадай жағдайлар салдарынан болса, сақтандыру жағдайы деп танылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
- 1) су тасқыны, цунами, жер сілкінісі;
 - 2) кемеңің булануы және жүкті атмосфералық жауын-шашынмен суландыру;
 - 3) сыртқы қаптаманың тұтастығы кезінде жүктің ластануынан немесе ыдыстың бүлінуінен құнсыздануы;
 - 4) палубалық жүктің немесе палубасыз кемелерде тасымалданатын жүктің борттан лақтырылуы немесе толқынмен шайылып кетуі;
 - 5) жүктің ұрлануы және толық жеткізілмеуі.
3. Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
- 1) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жанама коммерциялық залалдары (айыппұлды қоса алғанда), жіберіп алған пайдасы;
 - 2) моральдық зиян;
 - 3) сот шығыстары.
4. Жүк сақтау кезінде тек тиісті сақтандыру полисінде көрсетілген қоймада және оның сол жерлерінде сақтандырылған болып есептеледі. Сақтанушы Сақтандырушы өкіліне осы орындарды қарап шығу мүмкіндігін беруге міндетті.

6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.



2. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптармен сақтандыру полисін жасасу сәтіндегі жүктің нақты құнын растайтын құжаттар негізінде айқындалады (сақтандыру құны). Сақтандыру құнына және тиісінше сақтандыру сомасына жүкті тасымалдауға және сақтауға байланысты, құжатпен расталған шығындар, сондай-ақ сақтандыру шығыстары енгізілуі мүмкін.
3. Сақтандыру полисінде төмендегі талаптардың біреуі немесе бірнешеуі жиынтығында көрсетіледі:
 - 1) жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі (жалпы сақтандыру сомасы) – бұл жағдайда сақтандыру полисінің бүкіл қолданылу кезеңінде барлық Сақтандыру жағдайлары бойынша барлық сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауға тиіс;
 - 2) бір немесе бірнеше Сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі;
 - 3) сақтандырумен жабылатын бір немесе бірнеше сақтандыру тәуекелі бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі.
4. Бас полисті жасасу кезінде Сақтанушы жөнелту пунктiнен шыққан күннен кешiктiрмей Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережелерiне №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүктер туралы ақпарат береді. Бас полис негiзiнде берiлген тиiстi сақтандыру полисiнде көрсетiлген сақтандыру сомасы жүктің әрбiр партиясының сақтандыру құнынан, оның iшiнде жүкті тасымалдауға және сақтауға байланысты шығындардан, сондай-ақ сақтандыру шығыстарынан аспауға тиiс.
5. Егер құжаттарда құны көрсетiлмесе, бұл жағдайда Сақтандырушы жүктің нарықтық құнына негiзделедi.
6. Бас полис негiзiнде берiлген тасымалданатын жүктің әрбiр партиясына (бөлiгiне) арналған сақтандыру полисi жүктің әрбiр партиясы (бөлiгi) бойынша сақтандыру сомасын қамтуға тиiс.
7. Тараптар Бас полисте (сақтандыру полистерiнде) айқындалған жүк құнына дау айта алмайды, Сақтандырушыны Сақтанушы қасақана жаңылыстырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда. Егер Бас полиспен (сақтандыру полисiмен) айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, ол сақтандыру шарты жасалған сәттегi сақтандыру құнынан асатын бөлiгiнде жарамсыз болып табылады.

7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Жасалған Бас полис бойынша берiлген тиiстi сақтандыру полистерi бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерi сақтандыру объектiсi мен сақтандыру тәуекелiнiң сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бiрлiгiнен алынатын жүк сақтандыруы бойынша тарифтiк ставкаларды есептеу және экономикалық негiздеуiне сәйкес есептелген, осы Сақтандыру ережелерiне №1 қосымшада көрсетiлген сақтандыру тарифтерiне сәйкес есептеледi.
2. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушымен бiржолғы төлеммен немесе кезеңдiк жарналар түрiнде бөлiп төлеу арқылы, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады. Сақтандыру сыйлықақысын төлеудiң нақты тәсiлi Бас полис негiзiнде берiлген тиiстi сақтандыру полисiнiң талаптарымен айқындалады.
3. Сақтандырушы Сақтанушыдан алынған ақпарат негiзiнде, осы баптың 2-тармағына сәйкес аванстық төлем төленген жағдайда, 5 (бес) жұмыс күнi iшiнде сақтандыру полисiн бередi.
4. Сақтандырушы төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерiн айқындау кезiнде есептелген Сақтандыру сыйлықақысына тәуекел факторларына байланысты жеңiлдiк немесе үстеме қолдануға құқылы: көлiк түрi, тасымалдау қашықтығы мен маршруты, сақтандыру аумағы, аралас немесе тiкелей қатынас, қайта тиеудiң (аударып тиеудiң) болуы, уақытша сақтау қоймаларында сақтау, тасымалданатын



жүктің сипаты, тасымалдауды ұйымдастыру тәсілі, орау, жүкті алып жүру, сақтандырылған тәуекелдер, өткен кезеңдердегі жүкпен болған оқиғалар статистикасы, оқиғалардың жүйелі сипаты, франшизаның түрі мен мөлшері.

5. Сақтанушы сақтандыру полисінде келісілген мерзімдерде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы төлем мерзімі кешіктірілген күннен кейінгі күннен бастап Сақтандыру полисін біржақты тәртіппен бұзуға, Сақтанушыға сақтандыру полисінің қолданылуының тоқтатылғаны туралы жай жазбаша хабарлама жіберу арқылы, тиісті сақтандыру полисі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға және төленген сақтандыру жарналарын қайтармауға құқылы.
6. Егер Сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде Сақтандыру сыйлықақысының қалған бөлігін толық көлемде есепке жатқызуға құқылы.

8-бап. Франшиза

1. Бас (сақтандыру) полисінде және/немесе осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымшада тараптар шартсыз немесе шартты франшизаны – Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге Сақтанушының өзіндік қатысуын көздей алады. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен де, тіркелген сомамен де белгіленуі мүмкін.
2. Бас (сақтандыру) полисінде және/немесе осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымшада келісілетін франшизалардың түрлері:
 - 1) шартсыз франшиза кезінде франшиза сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал белгіленген франшиза сомасынан асатын залал толық залал сомасы мен франшиза сомасының арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі;
 - 2) шартты франшиза кезінде франшиза сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал белгіленген франшиза сомасынан асатын залал толық залал сомасы мөлшерінде өтеледі.
3. Тараптар Бас және/немесе сақтандыру полисіне және/немесе осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымшаға франшизаны енгізбеуі мүмкін.

9-бап. Бас (сақтандыру) полисін жасасу тәртібі

1. Бас полис Сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде, Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға жүктің әрбір партиясына сақтандыру полистерін беруі арқылы жасалады. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы өз қалауы бойынша жүкті қарап шығуға құқылы.
2. Әлеуетті Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің талаптарымен танысып, өтініш-сауалнаманы толтырады, соның негізінде Бас полис беріледі. Бас полисті жасасу кезінде, ұсынылған мәліметтерге сәйкес, Сақтандырушы Сақтанушыға жүктің әрбір партиясына сақтандыру полистерін береді.
3. Сақтандыруға арналған өтініш-сауалнамада мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:
 - 1) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) туралы деректер:
 - а) заңды тұлға үшін – толық атауы; сақтандыру полисін жасасуға уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты; орналасқан жері; банк деректемелері; телефон/факс нөмірі;
 - б) жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты; паспорт деректері; мекенжайы; телефон нөмірі;
 - 2) жүктің нақты атауы, оның салмағы, орау түрі, орын саны;



- 3) тасымалдау талаптары:
 - а) көлік түрі және оның негізгі деректері, тиесілігі;
 - б) күзеттің, пломбалардың болуы;
 - в) маршрут;
 - г) орау, ыдыс;
- 4) сақтау талаптары:
 - а) қойманың мекенжайы, тиесілігі, сипаттамасы, оның ішінде дабыл жүйесінің, күзеттің, өрт сөндіру жүйелерінің болуы, осы типтегі қоймалар мен құрылыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы деректер;
 - б) аралық және уақытша сақтау пункттері, сақтаудың басталу және аяқталу күндері;
- 5) жүкті жөнелту және келу күні;
- 6) жүктің нақты құны және сақтандыру сомасы;
- 7) Сақтанушы бұрын осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру полистерін жасамаған болса, сақтандыру полисін және/немесе Бас полисті жасасқанға дейін тасымалдау, аралық және уақытша сақтау орындарында жүктің жойылуы, жоғалуы, қаза табуы және/немесе бүлінуі статистикасы;
- 8) тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі мәні бар мән-жайлар туралы мәліметтер;
- 9) Сақтандыру сыйлықақысын төлеуші.
3. Сақтанушы сақтандырылатын жүкке қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған барлық сұрақтарға жауап беруге міндетті.
4. Бас полисті (сақтандыру полистерін) жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға белгілі және Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан туындауы мүмкін залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін елеулі мәні бар мән-жайларды хабарлауға міндетті. Сақтандырылған жүк туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік Сақтанушыға жүктеледі.
5. Егер Бас (сақтандыру) полисі Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалса, соңғысы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушы хабарламаған деген негізбен Бас (сақтандыру) полисін бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
6. Егер Бас (сақтандыру) полисі жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
7. Егер Сақтанушы хабарламаған мән-жайлар кейіннен жойылса, Сақтандырушы Бас (сақтандыру) полисін жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
8. Бас полис және сақтандыру полистері Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға белгіленген нысандағы Бас полис пен жүктің әрбір партиясы бойынша сақтандыру полистерін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады (осы Сақтандыру ережелеріне №2 қосымша).
9. Сақтандыру полисі мыналарды қамтуға тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банк деректемелері;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банк деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефоны және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефоны және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісіне нұсқау;
- 4) Сақтандыру жағдайына нұсқау;



- 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы нұсқау;
- 7) жасалған күні, Сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі;
- 8) сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, Сақтандырылған тұлға және Пайда алушы туралы мәліметтер;
- 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; мүліктік сақтандыру шарты қолданылған кезеңде тәуекелдің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау жөніндегі Сақтанушының міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және Сақтандыру сыйлықақысының валютасы;
- 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөміріне, резиденттік белгісіне және экономика секторына нұсқау;
- 13) егер ол сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөміріне, резиденттік белгісіне және экономика секторына нұсқау.
10. Бас полистің мазмұны осы Сақтандыру ережелеріне №2 қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
11. Егер Бас полис және/немесе сақтандыру полисі Сақтанушының жағдайын заңнамалық актілерде көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптарды қамтыса, онда осы заңнамалық актілерде белгіленген қағидалар қолданылады.
12. Бас полисте және/немесе сақтандыру полисінде көрсетілуге тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті Сақтандырушы көтереді. Бас полис және/немесе сақтандыру полисі бойынша жекелеген талаптардың толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
13. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:
 - 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге мүліктік мүдде туралы;
 - 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (Сақтандыру жағдайы);
 - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
 - 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.

10-бап. Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу мерзімі мен орны

1. Бас (сақтандыру) полисі және сақтандыру полисі, егер Бас (сақтандыру) полисінің талаптарында өзгеше көзделмесе, Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
2. Бас полис оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылады. Бас полистің қолданылу мерзімі өткеннен кейін оның негізінде сақтандыру полистері берілмейді.
3. Сақтандыру полисі бірінші Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін не тиісті сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылады.
4. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі Бас полис пен сақтандыру полисінің қолданылу мерзімімен сәйкес келмеуі мүмкін.

5. Сақтандыру полисінің және сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі тиісті сақтандыру полисінде көрсетілуге тиіс.
6. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) – Қазақстан Республикасының аумағы және жүкті тасымалдау маршруты өтетін өзге мемлекеттердің аумағы не жүкті сақтау жүзеге асырылатын, сақтандыру полисінде көрсетілген орындар.

11-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқығы бар:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат талап етуге;
 - 2) егер ол сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болып табылса, Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
 - 3) осы Сақтандыру ережелерінің талаптарымен танысуға;
 - 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, оны дайындау құны төленген кезде сақтандыру полисінің Көшірмесін алуға;
 - 5) залал мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз бағалау компанияларына өз бетінше жүгінуге.
2. Сақтанушы міндетті:
 - 1) Бас (сақтандыру) полисін жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Бас (сақтандыру) полисін жасасу туралы шешім қабылдау үшін елеулі мәні бар барлық өзіне белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 2) басқа сақтандыру компанияларымен жүкті сақтандырудың жасалған және жасалып жатқан барлық шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 3) Бас (сақтандыру) полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;
 - 4) сақтандырылған жүкті тиеуді, түсіруді, орналастыруды, бекітуді тиісті түрде қамтамасыз етуге, оның бүлінуіне, жойылуына, жоғалуына немесе қаза табуына жол бермеу үшін барлық шараларды қабылдауға;
 - 5) жүктің әрбір партиясы бойынша Сақтандырушыға көлік құралының атауы, жүктің жүру жолы, жүктің атауы және сақтандыру сомасы туралы мәліметтерді хабарлауға. Бұл міндет Сақтанушыдан, тіпті мұндай мәліметтерді алған сәтте Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдардың орын алу мүмкіндігі өтіп кеткен болса да, алынбайды, мысалы, жөнелту туралы мәліметтер жүк зақымдалмаған күйде тағайындалған жерге жеткізілгеннен кейін келсе де;
 - 6) Сақтандыру жағдайы басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен белгіленген мерзімде хабарлай алмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;
 - 7) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлар етуге;
 - 8) сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
 - 9) Сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
 - 10) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін барлық өзіндегі ақпаратты осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабының тиісті тармақтарына сәйкес беруге;
 - 11) Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
 - 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда,

Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісетінін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы оларды әрі қарай сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін белгілейді және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ жалпы Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады.

- 13) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін көпшілікке қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісетінін растайды.
 - 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді көпшілікке қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім талап етуге міндетті.
 - 15) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді көпшілікке қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы үшін жауапты болады.
 - 16) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)); деректер субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім әрекет ететін мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректердің трансшекаралық берілуінің болуы не болмауы туралы мәліметтер; көпшілікке қолжетімді көздерде дербес деректерді тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
 - 17) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының және олардың серіктестерінің көпшілікке қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда сақталатын дербес деректерін жинауына және өңдеуіне келісетінін растайды.
3. Сақтандырушының құқығы бар:
 - 1) сақтандыру полисін жасасу кезінде сақтандырылатын жүктің әрбір партиясын қарап шығуға, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға;
 - 2) Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) ұсынған ақпараты мен құжаттарын, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру полисінің талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
 - 3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;



- 4) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылған тұлғадан Сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын белгілеу үшін қажетті ақпаратты осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабының тиісті тармақтарына сәйкес талап етуге;
- 5) осы Сақтандыру ережелерінің 5 және 16-баптарында көзделген жағдайларда Сақтанушыға бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 6) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын кез келген уақытта тексеруге және инспекция жүргізуге.
4. Сақтандырушы міндетті:
 - 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) Сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) Сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) шығарған шығыстарын сақтандыру сомасы шегінде өтеуге;
 - 4) Сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге;
 - 5) ұсынылған құжаттардың тізбесі және оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы беруге;
 - 6) Сақтандыру ережелеріне өзгерістер енгізілген жағдайда, бұл өзгерістерді келісу үшін уәкілетті мемлекеттік органға ұсынуға;
 - 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі – ЖКЖҚТ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен операцияның ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып жатқанына негіздер болған кезде.
5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген Сақтанушының міндеттері, 2-тармақтың 7) тармақшасын қоспағанда, бір мезгілде Сақтандырылған тұлғалардың да міндеттері болып табылады.

12-бап. Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары

1. Бас (сақтандыру) полисінің қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Сақтандыру полисін жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы, сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын елеулі өзгерістер туралы, оның ішінде:
 - 1) жүкті жөнелтудің кешігуі немесе баяулауы,
 - 2) сақтандыру полисінде келісілген маршруттан ауытқу,
 - 3) рейстің кідіруі,
 - 4) жүктің қайта тиеу, түсіру, сақтау немесе тағайындалу пунктінің өзгеруі,
 - 5) сақтандыру полисінде көзделмеген қыстап қалуы,
 - 6) жүкті тасымалдау маршруты өтетін елдің билік органдары талаптарының, нормативтік актілерінің өзгеруі туралы жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Бас (сақтандыру) полисінің талаптарын өзгертуді және



сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

3. Егер Сақтанушы Бас (сақтандыру) полисінің талаптарын өзгертуге немесе қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Бас (сақтандыру) полисін біржақты тәртіппен бұзуға, Сақтанушыға сақтандырудың (сақтандыру қорғанысының) қалған кезеңіне пропорционалды түрде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін бюджетке төленген міндетті төлемдер мен агенттік сыйақыны шегере отырып қайтаруға құқылы, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаған болуы тиіс, кері жағдайда Сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде Сақтандырушының меншігінде қалады.
4. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы Бас (сақтандыру) полисін біржақты тәртіппен бұзуға және оны бұздан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
5. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Бас (сақтандыру) полисін бұзуды талап етуге құқылы емес.

13-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ соның салдарынан келтірілген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға және/немесе салдары Сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға болғанда, сондай-ақ Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушы міндетті:
 - 1) бүлінген жүкті құтқару және сақтау, залалдың одан әрі ұлғаюына жол бермеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға;
 - 2) Сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап немесе ол туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыны немесе оның өкілін жазбаша хабардар етуге. Бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен мөлшерлері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ете алмаса, оны құжатпен растауға тиіс;
 - 3) залалға жауапты тұлғаға талап ету құқығын қамтамасыз етуге;
 - 4) Сақтандыру жағдайын уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдарда құжаттандыру жөнінде шаралар қабылдауға;
 - 5) Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабында көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
 - 6) Сақтандырушы өкілі келгенге дейін және/немесе Сақтандырушының жазбаша өкімі берілгенге дейін қалған бүкіл жүкті – бүлінгенін де, бүлінбегенін де – сақтауға, қауіпсіздік талаптары мен залалды азайтуға байланысты өзгерістерді қоспағанда, болған оқиғаның көрінісін өзгертпеуге;
 - 7) Сақтандырушыға бүлінген жүкті қарауды немесе тексеруді, залалдың себептері мен мөлшерін зерттеуді, залалды азайту және сақтандырылған жүкті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуды қамтамасыз етуге;
 - 8) тиісті қызметтерді (авариялық, сауда-өнеркәсіп палатасын, кеден органдарын, құқық қорғау органдарын) дереу, бірақ 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей хабардар етуге.
 3. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болып табылмаса, Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету міндеті Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.

4. Пайда алушы Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы, мұны Сақтанушы немесе Сақтандырылған тұлға жасаған-жасамағанына қарамастан, кез келген жағдайда хабардар етуге құқылы.
5. Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының басталғанын уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтыны дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.
6. Сақтандырушы немесе оның өкілдері Сақтанушыға қажетті шараларды қабылдауды көрсете отырып, сақтандырылған жүкті құтқару және сақтау жұмыстарына қатысуға құқылы.

14-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжат жүзінде мыналарды дәлелдеуге міндетті:
 - 1) сақтандырылған жүкке қатысты өзінің мүддесін;
 - 2) Сақтандыру жағдайының болуын;
 - 3) келтірілген залал бойынша өз талаптарының мөлшерін.
2. Сақтандырылған жүкке мүдденің болуын, Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттар мыналар болып табылады:
 - 1) жүк сақтандырылған кезде мүддені дәлелдеу үшін – коносаменттер, тауар-көлік және теміржол жүкқұжаттары, сондай-ақ егер осы құжаттардың мазмұны бойынша Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) жүкке билік ету құқығы болса, тасымалдау құжаттары, фактуралар мен шоттар; фрахт сақтандырылған кезде – чартер-партиялар және коносаменттер;
 - 2) Сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін көлік құралына қарай тиісінше – теңіз наразылығы, кеме журналының үзіндісі, Регистр құжаттары, жалпы апат туралы диспашер актісі, кемені түсіру ведомосы, кеме манифесті, сюрвейерлік акт, Сақтандыру жағдайының себебі көрсетілген коммерциялық акт, қылмыстық істі қозғау және іс жүргізуге қабылдау туралы қаулы, оқиға бойынша тергеу жүргізу мен шешім қабылдау саласындағы құзыретті мемлекеттік органдардың қаулылары, әуе тасымалдаушысының коммерциялық актісі, оқиға туралы белгісі бар әуе жүкқұжаты; ал көлік құралы хабар-ошарсыз жоғалған жағдайда – көлік құралының жөнелту пунктінен (орнынан) шыққан уақыты туралы, сондай-ақ көлік құралы хабар-ошарсыз жоғалған деп тануға белгіленген мерзім ішінде межелі пунктке (орынға) келмегені туралы шынайы куәліктер;
 - 3) залал бойынша талап мөлшерін дәлелдеу үшін – авариялық комиссар жасаған жүк қарау актілері, сараптама, бағалау актілері, тиісінше ресімделген құжаттар, шығарылған шығындарды негіздейтін және растайтын құжаттар, залал бойынша шоттар, ал жалпы апат бойынша залалдарды, шығыстарды және жарналарды өтеу талап етілген жағдайда – растайтын және негіздейтін құжаттармен қоса есеп немесе диспаша.
3. Жоғарыда көрсетілген құжаттарға қосымша, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) жүк жоғалған жағдайда:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - жүктің келмегені туралы межелі станцияның (пункттің, порттың) белгісі бар тасымалдау құжатының түпнұсқасы (жүкқұжат, коносамент), ал тасымалдау құжатын ұсыну мүмкін болмаған жағдайда жүкті тасымалдау құнын төлеу туралы түбіртек және осы алушының атына жөнелтілген, межелі станцияның (пункттің, порттың) жүктің келмегені туралы, талап қойылғанға дейін 10 күннен аспайтын мерзімде қойылған белгісі



бар жүкті тасымалдауға қабылдау туралы жөнелту станциясының анықтамасы (түбіртегі) қоса беріледі. Жөнелту станциясының анықтамасында жүкқұжаттың (коносаменттің) нөмірі, жүк жөнелтушінің атауы, сондай-ақ теміржол қатынасымен тасымалдау кезінде – вагонның нөмірі, станциясы және межелі пунктке дейінгі маршруты көрсетілуге тиіс. Анықтама межелі станцияның (пункттің, порттың) күнтізбелік мөртаңбасымен расталады, әрі онда жүк алушының атауы, жүктің саны мен массасы, жүкті жөнелту және тасымалдауға қабылдау күні көрсетілуге тиіс;

- жөнелтілген жүктің саны мен құнын растайтын құжат, оның ішінде шарт, шот-фактура, инвойс.
- 2. жүктің жетіспеушілігі, бүлінуі немесе зақымдануы жағдайында:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - тасымалдау құжатының түпнұсқасы (жүкқұжат, коносамент);
 - коммерциялық актінің түпнұсқасы немесе теміржол қатынасымен тасымалдау кезінде – ол жоғалған жағдайда коммерциялық акт жасалғаны туралы теміржол белгісі бар жүкқұжат;
 - жүктің саны мен құнын куәландыратын құжат, оның ішінде шарт, шот-фактура, инвойс;
 - су көлігімен үйінді/құймалы түрде жөнелтілетін жүктер бойынша – кеме шөгуін өлшеу арқылы тиелген жүктің массасын айқындайтын салмақ сертификаттары ("Драйв сюрвейт");
 - межелі пункттегі жүкті қарау (қабылдау) актілері;
 - сараптама, бағалау актісі және зиянның себептері мен мөлшерін айқындау үшін қажетті құжаттар (сюрвейер есебі).
- 3. багаж жоғалған жағдайда:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - багаж түбіртегінің түпнұсқасы;
 - багаждың саны мен құнын куәландыратын құжат.
- 4. меншікті жылжымалы құрам жоғалған немесе зақымданған жағдайларда:
 - сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - вагонның келмегені туралы межелі станция белгісі бар теміржол түбіртегінің түпнұсқасы;
 - вагонның тиесілігін және оның қалдық құнын растайтын құжаттың түпнұсқасы.
- 4. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе халықаралық келісімдерде төменде көрсетілген құжаттарды жасау және/немесе ұсыну көзделген жағдайларда, Сақтанушы сақтандыру төлемін талап еткен кезде Сақтандырушыға сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - коммерциялық актінің (авариялық сертификаттың) түпнұсқасы;
 - сақтандырылған жүктердің жоғалуы (қаза табуы) немесе бүлінуі фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесі (не құзыретті немесе құқық қорғау органдары жасаған өзге құжат);
 - Тасымалдаушыға тапсырылғаны туралы белгісі бар немесе мұндай белгісіз, бірақ Тасымалдаушының осы наразылықты алғанын растайтын құжат қоса берілген Тасымалдаушыға берілген наразылықтың («Нотис») түпнұсқасы;
 - жүкке арналған спецификация, сондай-ақ біртекті қаптамада құны мен фактурасы әртүрлі жүк болған жағдайда – орау парағы;
 - жол парағы және/немесе тасымалдау маршрутын келісу парағы;
 - кеме түсіру нәтижелері бойынша жасалатын "Аутторн рипорт" (Хабарлама-акт, бас акт), онда нақты көрсетілуге тиіс: коносамент деректемелері, жөнелту және тағайындау порты, жүк алушының атауы, жүктің түрі, саны мен массасы, жүкті жөнелту күні, көліктің (кеменің) келу күні, жоғалған жүктің түрі, саны мен массасы, немесе



Сақтандырушыға сақтандырылған жүктерді тасымалдау кезінде көліктің келмегенін (қаза тапқанын, апатқа ұшырағанын, жол-көлік оқиғасы болғанын) растайтын құжат ұсынылуға тиіс.

5. Сақталмаған жүк тасымалы үшін жауапты Тасымалдаушыға наразылық («Нотис») қоюды Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе халықаралық келісімдерде көзделген мерзімдерді сақтай отырып жүзеге асыруға міндетті.
6. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) мүлікке мүддені, Сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
7. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өрт қадағалау органдары, авариялық-техникалық қызметтер, газ желісінің авариялық қызметтері), кәсіпорындардан, мекемелерден және оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыстарды Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар орындай алады.
8. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы екі данада анықтама жасауға міндетті, онда Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға бойынша ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және оларды қабылдау күні көрсетіледі. Анықтаманың бір данасы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) беріледі, екінші данасы Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) оны алғаны туралы белгісімен Сақтандырушыда қалады.

15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

1. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; залал келтіруге себеп болған оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде, осы Сақтандыру ережелерінің 15-бабының тиісті тармақтарында көрсетілген барлық құжаттарды алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, залал мөлшерін есептеуді қамтитын Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды және оны танысу үшін Сақтанушыға ұсынады.
2. Жүктің немесе оның бір бөлігінің жойылуы, жоғалуы, қаза табуы және/немесе бүлінуі жағдайында Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы басталуының нәтижесінде Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) шеккен нақты залал мөлшерінен, сондай-ақ сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
3. Залал мөлшері Сақтандырушы өкілімен Сақтанушының қатысуымен қарау деректері, сондай-ақ тасымалданатын жүктің нақты құны, сақтандыру сомасы және залал мөлшерін растайтын құжаттар (сюрвейер есебі, инвойстар, төлем шоттары, жүкқұжаттар және тасымалдау құжаттары) негізінде айқындалады.
4. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижесінде Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тартуы негізсіз болғаны анықталса, сараптама шығыстарын Сақтандырушы өз мойнына алады.



5. Сақтанушы Сақтандыру жағдайынан кейін қалған жүкті, ол бүлінген болса да, одан бас тартуға құқылы емес. Мұндай жүктің қалдық құны сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегерілуге жатады.
6. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша сақтандыру полисімен және/немесе осы Сақтандыру ережелеріне №1 қосымшада айқындалған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
 - 1) егер сақтандыру полисінде сақтандыру сомасы сақтандырылған жүктің нақты құны мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады;
 - 2) егер сақтандыру полисінде сақтандыру сомасы сақтандыру полисін жасасу сәтінде сақтандырылған жүктің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының жүктің нақты құнына қатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, осы тармақтың 3)–5) тармақшаларын ескере отырып айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СТ) мына формула бойынша айқындалады: $СТ = НЗ \times СС/СҚ$, мұнда: **НЗ** – нақты залал мөлшері; **СС** – сақтандыру сомасы; **СҚ** – жүктің сақтандыру құны;
 - 3) егер сақтандыру полисінде және/немесе Бас полисте франшиза бар болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру полисінде белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
 - 4) егер сақтандыру полисінде немесе Бас полисте франшиза бар болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;
 - 5) егер сақтандыру полисінде немесе Бас полисте франшиза бар болса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі франшизаны шегермей, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде жүзеге асырылады.
7. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған болса, Сақтандырушы келтірілген нақты залал мөлшері мен көрсетілген тұлғадан алынған өтемнің арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады, бұл ретте осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспауға тиіс.
8. Егер осы баптың 7-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, онда сақтандыру төлемі осы баптың 6-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.
9. Егер жүкті қабылдау кезінде жүк алушы Тасымалдаушыға жүктің жетіспеушілігі немесе бүлінуі туралы жазбаша түрде мәлімдемесе, ол жүкті тасымалдау шартының және тасымалдау құжаттарының талаптарына сәйкес алған болып есептеледі. Егер жүктің жетіспеушілігі немесе бүлінуі жүкті әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін болмаса, Тасымалдаушыға мәлімдеме жүк алынған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде жасалуға тиіс. Егер жүк алушы осындай мәлімдемені үш күндік мерзімде Тасымалдаушыға жасамаса, бұл Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемі туралы өтінішті қабылдамауына негіз болып табылады.
10. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған ұрланған жүктер табылса, Сақтанушы 10 жұмыс күні ішінде жүкті қайтаруға және оны қалпына келтіруге жұмсалған шығыстарды шегере отырып, алынған сақтандыру төлемін қайтаруға міндетті.

Сақтандыру төлемі 1 ай ішінде қайтарылмаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға талап қоюға құқылы.

11. Сақтанушының сақтандырылған жүкке қатысты құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы Сақтанушыны залал мөлшерін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдау міндетінен босатпайды.
12. Залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шығарған шығыстар, егер мұндай шығыстар қажетті болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, Сақтандырушымен өтелуге жатады.
13. Залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шығарған шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстарды өтеудің жалпы сомасы, егер шығыстар Сақтанушының Сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс, бұл жағдайда олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.
14. Сақтандырушы Сақтанушы мүмкін залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді әрі орынды шараларды қасақана қабылдамағандықтан туындаған сол залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
15. Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандырылған жүкке қатысты өз құқықтарынан бас тарту (абандон) туралы Сақтандырушыға мәлімдеп, келесі жағдайларда жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алуға құқылы:
 - 1) жүктің көлік құралымен бірге хабар-ошарсыз жоғалуы;
 - 2) жүктің толық конструктивтік қаза табуы;
 - 3) сақтандырылған жүктің зақымдануын жоюдың немесе оны межелі жерге жеткізудің экономикалық тұрғыдан орынсыз болуы;
 - 4) егер жүк осындай қауіптен сақтандырылған болса және басып алу 60 тәуліктен астам уақытқа созылса, халық толқулары немесе террористік актілер нәтижесінде жүкті басып алу.
16. Абандон туралы мәлімдеме Сақтандырушыға көрсетілген мән-жайлар басталған сәттен бастап 6 ай ішінде жасалуға тиіс. Абандон туралы мәлімдемені кері қайтарып алуға болмайды. Егер сақтандыру төлемін алғаннан кейін жүк қаза таппаған болып шықса, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) жүкті өзінде қалдыра отырып, егер ішінара залал орын алған болса, сол үшін өтемді шегере отырып, сақтандыру төлемін қайтаруды талап ете алады.
17. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі сомасы шегінде заттай нысандағы залал өтемімен ауыстыру көзделуі мүмкін.

16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 14-бабының тиісті тармақтарында көрсетілген барлық құжаттарды алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешім туралы Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша түрде хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде көрсетеді.
2. Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылған тұлғаға, Пайда алушыға) сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін



тұрақсыздық айыбы мөлшерінде жауапты болады. Бөтен ақшаны пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбы осы ақша сомасы Пайда алушыға төленген күнге дейін өндіріледі.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің талаптарына сәйкес шағым жасай алады.
5. Сақтандырушы осы баптың 5-бабында, 6-тармағында көзделген жағдайда, сондай-ақ егер Сақтандыру жағдайы мынадай жағдайлардың салдарынан болса, Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
 - 1) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының Сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының Сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын, белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай жағдайлар да негіз болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) Сақтанушының Сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде қасақана шаралар қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының залал үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтемді алуы;
 - 4) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының мән-жайларын тексеруде және келтірілген залал мөлшерін белгілеуде Сақтандырушыға кедергі келтіруі;
 - 5) егер хабарламаудың дәлелді себептерге байланысты болғаны дәлелденбесе, Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі;
 - 6) Сақтанушының Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі әлдеқашан төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
 - 7) тиісті түрде жабылмаған ашық көлік құралына тиеу немесе осындай көлік құралы үшін нормативтерде белгіленгеннен артық тиеу;
 - 8) Сақтанушының кінәсінен жүкті жеткізудің кешіктірілуі және бағаның өзгеруі;
 - 9) жүктің өндірістік ақаулары;
 - 10) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз бүлінген жүкке, оның бөліктеріне билік ету, пайдалану;
 - 11) жүкті тасымалдау үшін көлік құралына тиеу сәтінде жүктің жойылуы, жоғалуы, қаза табуы немесе бүлінуі;
 - 12) мұнай өнімдерінің өзге заттармен ластануы немесе сұйылтылуы;
 - 13) жүктің атмосфералық жауын-шашынмен сулануы;
 - 14) сыртқы қаптаманың тұтастығы сақталған кезде жүктің ластануы немесе ыдыстың бүлінуі нәтижесінде құнсыздануы.
7. Сақтандырушыны Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен оның заңсыз әрекеттеріне байланысты босату, бір мезгілде Сақтандырылған тұлғаға немесе Пайда алушыға да сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.
8. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың



тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі – ЖҚЖҚТ тізбесі) болуы;

- Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының тиісті тексеру жүргізуі үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақша және (немесе) өзге мүлікпен операцияның ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалып жатқанына негіздер болған кезде.

17-бап. Сақтанушының залалдарды өтеу жөніндегі құқықтарының Сақтандырушыға ауысуы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға оған ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығы Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) мен залал үшін жауапты тұлға арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаларды сақтай отырып жүзеге асырылады.
4. Егер Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18-бап. Сақтандыру полисінің қолданылуын тоқтату талаптары

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылады:
 - 1) сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін сақтандыру шарты бойынша толық көлемде орындауы;
 - 2) сақтандыру шарты қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) егер Сақтандырылған тұлға Сақтанушының сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі міндеттерін өзіне қабылдмаса, Сақтанушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы немесе Сақтанушы болып табылатын жеке тұлғаның қайтыс болуы;
 - 4) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуы;
 - 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тараптар сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бір-бірін болжанатын тоқтату күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
 - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 3) Сақтанушы өз кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған жағдайда, оның кәсіпкерлік қызметінің белгіленген тәртіппен тоқтатылуы;
 - 4) Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтаған кезде;



- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
- 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған кезде;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып жатыр деген негіздер болған кезде. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзады. Сақтандыру шарты шартты тоқтатудың негізі ретінде осы тармақта көзделген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, Сақтандырушы Сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оған: жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы) жалпы Сақтандыру сыйлықақысынан 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
5. Егер Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру полисінен бас тарту себебі осы Сақтандыру ережелерінің осы бөлімінің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушы полис жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандырудың қолданылған уақытына пропорционалды бөлігін және Сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды алынған Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
6. Егер Сақтанушы-жеке тұлғаның қарыз шартына байланысты Сақтандыру полисінен бас тартуы оның қарыз беруші алдындағы қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты болса, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандырудың қолданылған уақытына пропорционалды бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды алынған Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, қайтаруға міндетті.
7. Осы Сақтандыру ережелерінің 3–6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде Сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
8. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартып, Сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға Сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге тиіс Сақтандыру сыйлықақысынан әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
9. Егер сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауына байланысты болса, соңғысы Сақтанушыға төленген Сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.



19-бап. Қосымша талаптар

1. Осы Сақтандыру ережелері орыс тілінде әзірленген. Орыс тіліндегі сақтандыру полисі мәтіні мен мемлекеттік тілдегі мәтін арасында қайшылық туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін түпнұсқа болып табылатындықтан және Сақтандырушының еркін білдіретіндіктен, ал мемлекеттік тілдегі мәтін аударма болып табылатындықтан, орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.
2. Осы ережелердің талаптарында «Евразия» СК» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (бұдан әрі – Сақтанушылар) Бас (сақтандыру) полисін беру арқылы жүктерді сақтандыру шарттарын жасасады.
3. Сақтандыру полисі бойынша мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалтуға сақтандыру қорғанысы берілмейді:
 - 1) Кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығымен (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті биліктің сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе оны меншікке не пайдалануға алуы.
 - 2) Өзге қандай да бір талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер осындай қамту, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге де нормативтік құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.
4. Тараптар ОФАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары шеңберіндегі санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға жай жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартында көрсетілген электрондық поштаға немесе пошта мекенжайына хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.
5. Тараптар осы Ережелердің осы бабының 4-тармағына сәйкес Шарт тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.
6. Тараптар ОФАС, Еуропалық Одақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары шеңберіндегі санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.
7. Тараптар осы Ережелердің осы бабының 4-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.

20-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған сақтандыру полистері бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жалпы юрисдикциядағы соттарда шешілуге жатады.

**«Сақтау – IV» бағдарламасы бойынша
Жүктерді ерікті сақтандыру ережелеріне
№ 1 қосымша**

№ _____
« ____ » _____ от _____ Г.

«Евразия» СК» АҚ-да
Сақтанушыдан: _____

**ЖҮКТЕРДІ САҚТАНДЫРУҒА
АРНАЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ**

Жүктерді сақтандыру жөніндегі № _____ жылғы _____ Бас полистің 2-бабының 9-тармағына сәйкес сақтандыру объектісі туралы мәліметтерді хабарлаймыз:

Пайда алушы: _____
Жүктің атауы: _____
Қаптамасы: _____
Орын саны (паллет): _____
Салмағы: _____
Тасымалдау бағыты: _____
Жөнелту пункті: _____
Қайта тиеу және уақытша сақтау пункті: _____
Жеткізу және уақытша сақтау пункті: _____
Жүкті тасымалдайтын көлік құралының деректемелері: _____
Жүкті жөнелту күні: _____
Жүктің келу күні: _____
Сақтандыру сомасы: _____

Қосымша: 1 парақта сақтандыру сомасының есебі.

Уәкілетті өкіл: _____
М.О.

**ЖҮКТЕРДІ САҚТАНДЫРУҒА
АРНАЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯҒА №1 ҚОСЫМША**

Сақтандыру сомасының есебі:

Жүктің құны: _____

Тасымалдау шығындары және кедендік баждар: _____

Барлығы: _____

Есептеу күні: _____

Валюта бағамы: _____



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«САҚТАУ – IV» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)

**«Сақтау – IV» бағдарламасы бойынша
Жүктерді ерікті сақтандыру ережелеріне
№2 қосымша**

САҚТАНДЫРУ
ПОЛИСИ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС Серия ДОС №

САҚТАНДЫРУ КЛАСЫ /	КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ. ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЕ ГРУЗОВ.
САҚТАНДЫРУ ТҮРІ /	ВИД СТРАХОВАНИЯ	«САҚТАУ – IV» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ. ДОБРОВОЛЬНОЕ СТРАХОВАНИЯ ГРУЗОВ ПО ПРОГРАММЕ «САҚТАУ – IV».
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ/ ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ		20 жылғы « » № № от « » года.
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59, тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ., «Евразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA STN 600900079784. БИН 950540000024 АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59, тел.: 8 (727) 258 43 36, 8-800-080-00-99; факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО «Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA PNN 600900079784, БИН 950540000024	
САҚТАНУШЫ (аты-жөні, ЖСН, экономика секторының коды, резиденттік белгісі, мекен-жайы, телефон) /		
СТРАХОВАТЕЛЬ (Ф.И.О., ИИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), адрес, телефон)		
САҚТАНДЫРЫЛУШЫ / ЗАСТРАХОВАННЫЙ		
ПАЙДА АЛУШЫ / ВЫГОДПРИОБРЕТАТЕЛЬ		
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Сақтанушының (Сақтандырылушының) 19,5 т, число мест 1 085, көлеміндегі (Сырний продукт) жүкке, сонымен бірге жүктерге, тауарларға және өнімдердің барлық түрлеріне иелік ету, пайдалану және билік етуіне, сондай-ақ көлігінің тасымалдау кезіндегі оның жоғалу, жойылу немесе бүліну тәуекелдеріне байланысты мүлкіктік мүдделері. Имущественные интересы Страхователя (Застрахованного), связанные с владением, использованием и распоряжением грузом (Сырний продукт), в количестве 19,5 т, число мест 1 085, в том числе включая багаж, товары и все виды продукции вследствие их повреждения, уничтожения, гибели, пропажи независимо от транспортировки.	
сақтандыру объектісінің орналасқан орны / местонахождения объекта страхования		
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ	
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ		
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	5	
ВАЛЮТА ТҮРІ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ		
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АУМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА		
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА		
ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ		
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Сақтандырушы сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдауға қажет барлық құжаттарды алғаннан кейін, он жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, мұны Сақтанушыға (Пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Сақтандырушы Сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін жеті күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.	
	Страховщик после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, не позднее десяти рабочих дней принимает решение об осуществлении страховой выплаты либо об отказе осуществлении страховой выплаты, о чем в письменной форме сообщает Страхователю (Выгодоприобретателю). Страховщик осуществляет страховую выплату Страхователю (застрахованному, выгодоприобретателю) в течение семи календарных дней после принятия решения о страховой выплате.	

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жоқ.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандыру талаптарымен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.
С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИНН/БИН
телефон

Берілген күні /

Дата выдачи:

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
1. Сақтандырушының талаптарымен танысуға; 2) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға; 3) сақтандыру ережесінің талаптарымен танысуға; 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, сақтандыру полисінің жасалу құнын төлеуі; 5) зиян мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сараптау компанияларына өз бетінше жүгінуі; құқығы	1. Страхователь имеет право: 1) требовать от страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости; 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является выгодоприобретателем по настоящему страховому полису; 3) ознакомиться с условиями правил страхования; 4) получить дубликат страхового полиса, в случае его утери, при условии уплаты стоимости изготовления такого страхового полиса; 5) самостоятельно обратиться к независимым оценочным компаниям для определения размера ущерба.
2. Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау; 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып табылады; 3) сақтандыру шартын, бас полисті және сақтандыру полистерін жасау кезінде Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауына және сақтандыру шартын, бас полисті және сақтандыру полистерін жасау туралы шешім қабылдауына елеулі мән-барлық өзіне белгілі жағдайлар жайлы Сақтандырушыға хабарлауға; 4) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық жүк сақтандыру полистері (сақтандыру шарттары) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға; 5) бас полисте және осы сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықасын төлеуге; 6) сақтандырылған жүктің бүлінуіне, жоғалуына немесе жойылуына жол бермеу үшін оның тиісінше тиелуін, түсірілуін, орналастырылуын, бекітілуін қамтамасыз етуге; 7) жүктің әрбір топтамасына катысты тасымал құралы, жүктің жүріп өтер жолы, поворждения, жүктің атауы және сақтандыру сомасы туралы деректерді Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы бұл міндеттен мұндай деректерді алған сәтте Сақтандырушының өтеуі тиіс шығындар ықтималдылығы жоққа шықса да, мысалы жөнелту туралы деректер жүк тиісті жеріне бүлінбеген күйінде жеткізілгеннен кейін келсе деп босатылмайды. 8) сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру жағдайының туындағаны жайлы Сақтандырушының жазбаша хабарландыруға міндетті. Сақтанушы маңызды себептермен сақтандырушыны сақтандыру жағдайының туындағаны туралы белгіленген мерзімдерде хабарландыра алмаса, сақтанушы мұны құжаттармен растау тиіс; 9) сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы ақпарат беруге; 10) сақтандыру ережесін сақтандырылушыларға жеткізуге; 11) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдануға; 12) сақтандыру ережесіне сәйкес сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген зиянның сипаты және мөлшері жайлы бағалауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты Сақтандырушыға беруге; 13) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге	2. Страхователь обязан: 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления; 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также Страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора; 3) при заключении договора страхования, генерального полиса и страховых полисов полисах (договоров страхования) груза с другими страховыми компаниями, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении договора страхования, генерального полиса и страховых полисов; 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых страховых полисах (договоров страхования) груза с другими страховыми компаниями; 5) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные генеральным полисом и настоящим страховым полисом; 6) обеспечить надлежащую погрузку, разгрузку, размещение, крепление застрахованного груза с тем, чтобы принять все меры к недопущению его утраты, уничтожения, пропажи или гибели; 7) в отношении каждой партии груза сообщать страховщику сведения о наименовании перевозочного средства, путь следования груза, наименование груза и страховую сумму. Страхователь не освобождается от этой обязанности, даже если к моменту получения таких сведений возможность убытков, подлежащих возмещению страховщиком, уже миновала, например, если сведения об отправке поступят после отставки груза в место назначения в неповрежденном состоянии; 8) письменно уведомить страховщика о наступлении страхового случая, в срок не позднее трех рабочих дней, с момента как ему стало известно о его наступлении. Если страхователь по уважительным причинам не имел возможности уведомить страховщика о наступлении страхового случая в установленные сроки, то страхователь должен подтвердить это документально; 9) информировать страховщика о состоянии страхового риска; 10) довести до сведения застрахованных условия страхования; 11) принять меры к уменьшению убытков от страхового случая; 12) предоставлять страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую установить факт страхового случая, обстоятельств его возникновения, характера и размера убытка, согласно правил страхования; 13) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.
3. Сақтандырушының талаптарымен танысуға; 2) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға; 3) сақтандыру ережесінің талаптарымен танысуға; 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, сақтандыру полисінің жасалу құнын төлеуі; 5) зиян мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сараптау компанияларына өз бетінше жүгінуі; құқығы	3. Страховщик имеет право: 1) при заключении настоящего страхового полиса произвести осмотр каждой партии страхуемого груза, а при необходимости – назначить экспертизу в целях установления его действительной стоимости; 2) проверять предоставленную страхователем (застрахованным) информацию и документы, а также выполнение страхователем (застрахованным) требований и условий настоящего страхового полиса; 3) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы; 4) требовать от страхователя или застрахованного информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения, согласно правил страхования; 5) отказать в страховой выплате в случаях, предусмотренных правилами страхования; 6) письменно уведомив об этом страхователя, в любое время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению страхового риска.
4. Сақтандырушының талаптарымен танысуға; 2) осы сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болса, сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуға; 3) сақтандыру ережесінің талаптарымен танысуға; 4) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда, сақтандыру полисінің жасалу құнын төлеуі; 5) зиян мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сараптау компанияларына өз бетінше жүгінуі; құқығы	4. Страховщик обязан: 1) ознакомить страхователя с правилами страхования; 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные правилами страхования; 3) возместить страхователю (застрахованному) расходы, произведенные им для



<p>азайту үшін жұмсаған шығыстарын сақтандыру сомасы шегінде өтеуге;</p> <p>4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге;</p> <p>5) берілген құжаттардың тізімі мен қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;</p> <p>6) сақтандыру ережесіне өзгертулер енгізілген жағдайда, бұл өзгертулерді уәкілетті мемлекеттік органға келісуге беруге;</p> <p>7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;</p> <p>8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға: - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржы-ландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша -ЖҚҚТК тізбесі) болуы; - Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы; - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.</p> <p>9) Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде, сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.</p> <p>5. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) немесе оның өкілі бүлінген жүкті аман алып қалу және сақтаудың барлық мүмкін шараларын қолдануға, сондай-ақ кінәлі тарапқа талап қою құқығын қамтамасыз етуге, сонымен қатар сақтандыру ережесінде көрсетілген басқа да әрекеттерді жасауға міндетті.</p> <p>6. Сақтандыру жағдайын және оның келтірген зиянын Сақтанушы дәлелдейді.</p> <p>7. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.</p> <p>8. Осы талаптарда реттелмеген барлық басқа мәселелерде Тараптар, «Евразия» СК АҚ-ның жүктерді ерікті сақтандыру ережесін басшылыққа алады.</p>	<p>уменишения убытков при страховом случае, в пределах размера страховой суммы;</p> <p>4) незамедлительно зарегистрировать сообщение о страховом случае;</p> <p>5) выдать справку с указанием перечня представленных документов и даты их принятия;</p> <p>6) в случае, когда в правила страхования вносятся изменения, предоставить эти изменения в уполномоченный государственный орган для согласования;</p> <p>7) обеспечить тайну страхования;</p> <p>8) отказать в страховой выплате в случаях: - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ); - не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;</p> <p>- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмыывания денег и финансирования терроризма.</p> <p>9) Законодательными актами о страховании и страховой деятельности, а также договором страхования могут быть предусмотрены другие обязанности страховщика.</p> <p>5. При наступлении страхового случая Страхователь (Выгодоприобретатель) или его представитель обязаны принять все возможные меры к спасению и сохранению поврежденного груза, а также обеспечению права требования к виновной стороне, а также совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.</p> <p>6. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на Страхователе.</p> <p>7. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>8. По всем иным вопросам, неурегулированным настоящими Условиями, Стороны будут руководствоваться Правилами добровольного страхования грузов АО «СК «Евразия».</p>
---	---